

Білім гранты бойынша білім беру қызметтерін көрсету
№ _____ келісім-шарты
(магистратура)

Алматы қ.

« ____ » _____ 20 ____ жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2002 жылғы 22 қаңтарда жоғарғы және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру саласында білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген АА № 0000001 лицензиясы, жарғы негізінде әрекет ететін ректор Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов тұлғасында, бұдан әрі "ҚазҰУ" деп аталатын бір тараптан, және

(Аты-жөні)

бұдан әрі "білім алушы" деп аталатындар, екінші тараптан төмендегідей шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 ҚазҰУ өз міндеттемелерін қабылдайды:

1) Мемлекеттің жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес, оқу нысаны _____,
(күндізгі, сырттай)
Білім беру

бағдарламасы бойынша

білім алушы _____,
(Аты-жөні)

оқуын ұйымдастыру және толық курсты аяқтағаннан кейін мемлекеттік үлгідегі
_____ беру.
(құжат)

2) ҚазҰУ оқу жоспарына сәйкес білім алушыға білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін ұсыну бойынша.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. ҚазҰУ міндетті:

1) білім беру гранты иегері _____ кабылдау;
(Білім алушының аты-жөні, куәлік нөмірі)

2) осы шартты жасау кезінде білім алушыны ҚазҰУ жарғысымен, білім беру қызметін енгізу құқығына лицензиямен, ішкі тәртіп ережелерімен және ҚазҰУ-ға қабылдау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша негізгі құжаттармен таныстыру;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес маман даярлауды қамтамасыз ету;

4) білім алушының оқу жүктемесінің көлемін және қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен сабақ режимін анықтау, салауатты, қауіпсіз оқыту жағдайларын жасау;

5) ҚазҰУ кітапханасының ақпараттық ресурстарын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу-әдістемелік құралдарды еркін пайдалануға және қол жетімділікті қамтамасыз ету;

6) білім алушыға ҚазҰУ ректоры бекіткен жеке ережелерде қарастырылған тәртіпте және шарттарда оқу бағдарламалары аясында тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалануға мүмкіндік беру;

- 7) білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес білім алушыға кәсіптік тәжірибеден өтуді ұйымдастыру;
- 8) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіппен білім алушыны оның өтініші бойынша ақылы негізде студент қатарына қосу және оқудан шығару;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіппен білім алушыны оқу жоспары бойынша оқу нәтижелерін негізге ала отырып, білім беру грантын жоғалту мен өтініш негізінде бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне немесе бір оқу нысанынан екіншісіне, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына ауыстыруға мүмкіндік береді;
- 10) білім алушыны оның келісімінсіз қоғамдық және өзге де тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу және оқу процесіне зиян келтірмеу;
- 11) білім алушыға еркін негізде ҚазҰУ-дың ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, сондай-ақ халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өмірге қатысуға мүмкіндік беру;
- 12) оқудың толық курсын табысты аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері бойынша білім алушыға тиісті _____ біліктіліктілігін және (немесе) академиялық дәрежесін, сонымен қатар мемлекеттік үлгідегі диплом беру;
- 13) оқу орны таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда басқа білім беру ұйымдарында білім алушының оқу жылын аяқтауы бойынша шаралар қабылдауға;
- 14) оқу процесінде қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану кезінде қажетті оқу материалдарын сандық түрде ұсыну және олардың сандық тасығыштарда және ғаламдық интернет желісі арқылы қол жетімділігін қамтамасыз ету.

2.2 ҚазҰУ құқылы:

- 1) білім алушыдан осы Келісім-шартқа және ҚазҰУ ішкі тәртіп ережелеріне, ҚазҰУ студенті туралы Ережеге, ҚазҰУ студентінің ар-намыс Кодексіне сәйкес міндеттерін адал және тиісті түрде орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін сақтауды, ҚазҰУ оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларына дұрыс және құрметпен қарауды талап етуге;
- 2) білім алушыға оқу тәртібін, осы Шарттың талаптарын, ішкі тәртіп Ережелерін, ҚазҰУ студенті туралы ережені, ҚазҰУ студентінің ар-намыс Кодексін бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану;
- 3) білім алушыдан ҚазҰУ мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникамен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап ету. Материалдық залал келтірілген жағдайда білім алушыдан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен оны қалпына келтіру шығындарын өтеуді талап етуге;
- 4) білім алушыны оқу, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін сыйақы беруге және көтермелеуге;
- 5) білім алушыны оқудан шығару кезінде келесі себептер бойынша Шартты бұзуға: оқу тәртібін бұзғаны үшін, университеттің ішкі тәртіп ережелерін және Жарғысын бұзғаны үшін, басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты, білім алушының жеке өтініші бойынша.

2.3. Білім алушы міндетті:

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының толық көлемінде білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды меңгеруге, оқу және практикалық сабақтарға қатысуға;
- 2) дәлелді себептер бойынша сабаққа қатыспаған жағдайда, өз бетінше немесе туысқандары арқылы ҚазҰУ-ға жоғарыда көрсетілген себептер бойынша қатыспаған күннен бастап бір апта ішінде бұл туралы жазбаша түрде ҚазҰУ-ға хабарлауға;
- 3) білім алушы амбулаторлық немесе стационарлық емделуде болған жағдайда ҚазҰУ-ға жоғарыда көрсетілген себептер бойынша ҚазҰУ-да болмаған күннен бастап бір апта мерзімде растайтын құжаттарды ұсына отырып хабарлауы тиіс;

- 4) ҚазҰУ ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, Жарғысын, емтихандарды өткізу Ережелерін, ҚазҰУ академиялық саясатын, ішкі тәртіп Ережелерін, ҚазҰУ студенті туралы ережені, ҚазҰУ студентінің ар-намыс Кодексін және осы Келісім-шарттың талаптарын сақтау және орындау;
- 5) ҚазҰУ мүлкіне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, жатақханада оқу және тұру үшін қалыпты жағдай жасауға қатысу, материалдық залал келтірілген жағдайда ҚазҰУ-ға оны қалпына келтіру шығындарын өтеу;
- 6) оқу тәртібін сақтауға;
- 7) әскери есепке алу қағидаларын сақтауға;
- 8) ҚазҰУ оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына құрметпен және дұрыс қарау.
- 9) педагогтік және медициналық білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары ЖОО-ны бітіргеннен кейін мемлекеттік білім беру ұйымдары мен мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында кемінде үш жыл жұмысты өтейді;
- 10) Басқа білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтары ЖОО-ны бітіргеннен кейін кемінде үш жыл меншік нысанына қарамастан ұйымдарда жұмысты өтейді.
- 11) ЖОО-ның аяқтағаннан кейін дербес бөлу бойынша университет комиссиясының шешіміне сәйкес жолдама алуға;
- 12) жұмысқа келгеннен кейін жұмыс орны және ұсынылатын әлеуметтік көмек түрі туралы мәліметтерді ұсына отырып, бөлуге сәйкес келгендігі туралы растауды ЖОО-ға жіберуге;
- 13) Осы Шарттың 2.3 пунктiнiң 10,11-шi тармағын орындамағаны үшін бітіруші өз оқуына байланысты республикалық бюджеттің шығындарын өтеуге міндетті.

2.4. Білім алушы құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіпте, ҚазҰУ ректорының бұйрығы негізінде, Жеке оқу жоспарына сәйкес 15 кредиттен кем емес бірінші академиялық кезеңнің жұмыс оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған жағдайда, бір оқу нысанынан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, белгілеген тәртіппен білім беру грантын жоғалтуымен ауысуына;
- 2) қосымша ақы үшін мемлекеттік білім беру қызмет стандартынан тыс қосымша қызмет алу;
- 3) ҚазҰУ-дың кітапхана және оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорын еркін пайдалану;
- 4) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу;
- 5) ҚазҰУ шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары мен жеделдетілген бағдарламалар бойынша осы Шартқа қосымша келісіммен жоғарыда аталған мүмкіндіктерді бекітумен оқыту;
- 6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіппен ҚазҰУ-да қалпына келтіру;
- 7) ҚазҰУ-да белгіленген тәртіпке сәйкес қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқытушымен күндізгі кеңес сұрауға;
- 8) дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі - ДКК) және әскери комиссариаттың қорытындысы негізінде 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімде академиялық демалыс беру.

3. ОҚУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

- 1) білім беру гранты - кәсіптік білім алуға ақы төлеу үшін білім алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

2) білім алушы осы Шарт білім орындамаған, бұзған жағдайда оқудан шығып, кейіннен студенттер қатарына қайта қабылдау кезінде қолданыстағы мөлшерде және шарттарда жүргізіледі.

3) білім алушы оқуды өз бетімен тоқтатқан жағдайда осы Шартта білім алушының берген өтінішіне сәйкес оқудан шығару туралы бұйрықта көрсетілген күннен бастап бұзылды деп есептеледі.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1) академиялық берешекті жою мақсатында қайта оқу курсы немесе оқу сабақтарына қайта қатысу ағымдағы жылдың құны бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.

2) Осы Шартта қарастырылған өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапқа тартылады.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

1) осы Шартты орындау процесінде туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды тараптар өзара қолайлы шешімдер әзірлеу мақсатында тікелей шешеді.

2) Тараптар келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ШАРТТАРДЫ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ

1) осы Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және ол толық орындалғанға дейін қолданылады. Егер білім алушы кәмелетке толмаған болса, оның ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың келісімімен осы Шартқа қол қоюға құқығы бар.

2) осы Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

3) Осы Шартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

4) Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату сәті ҚазҰУ ректорының тиісті бұйрықты шығаруы болып табылады.

5) осы Шарт тең дәрежелі заңды күші бар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде екі данада жасалады және бір данасы білім алушы мен Тапсырыс берушіге беріледі және екіншісі ҚазҰУ-да қалдырылады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

РМК «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті»
050040, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 71

Білім алушы

Білім алушының мекен-жайы:

"АТФ Банкі" АҚ Алматы қ.
ЖСК KZ 67826A1KZTD2020693
СТН 600 400 040 043
БИК ALMKNKZKA, КБЕ16
БСН 990140001154

тел: _____

Білім алушының қолы

Басшы:

_____ қолы

М. П.

Ата-анасының қолы
